

ISSN 1999-4214

ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

**№ 3/2021**

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Нұр-Сұлтан, 2021

Nur-Sultan, 2021

Nur-Sultan, 2021

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еуразия гуманитарлық институты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
*Философия докторы (PhD), доцент Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан*

### **Редакция алқасы**

- Аймұхамбет Ж.Ә.** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Ақтаева К.** ф.ғ.д., проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша.
- Әбсадық А.А.** ф.ғ.д., проф., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Бредихин С.Н.** ф.ғ.д., проф., Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** ф.ғ.к., доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей Қазақстан
- Ермекова Т.Н.** ф.ғ.д., проф., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
- Есиркепова К.Қ.** ф.ғ.к., қауымдас. проф А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Жүсіпов Н.Қ.** ф.ғ.д., проф. Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
- Курбанова М.М.** ф.ғ.д., проф., Алишер Наваи атынд. Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
- Қамзабек Д.** ф.ғ.д., проф. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Құрысжан Л.Ә.** ф.ғ.д., проф., Ханкук шетелдік университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
- Онер М.** ф.ғ.д., проф., Эгей университеті, Измир, Туркия
- Пименова М.В.** ф.ғ.д., профессор Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген № 1854-Ж 27.03.2001  
Басуға 25.10.2021ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 86  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,  
Нур-Султан, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-  
Султан, Казахстан

### **Редакционная коллегия**

- Аймухамбет Ж.А.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Актаева К.** д.ф.н., проф., университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша.
- Абсадық А.А.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Бредихин С.Н.** д.ф.н., проф., Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** к.ф.н., доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
- Ермекова Т.Н.** д.ф.н., проф., КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
- Есиркепова К.К.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Жусипов Н.К.** д.ф.н., проф., Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
- Курбанова М.М.** д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
- Камзабек Д.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Курсыжан Л.А.** д.ф.н., проф., Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
- Онер М.** д.ф.н., проф., Эгейский университет, Измир, Турция
- Пименова М.В.** д.ф.н., проф., Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Нур-Султан., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».  
Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан № 1854-Ж 27.03.2001.  
Подписано в печать 25.10.2021ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ №86  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities  
Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

### *Editorial Board*

- Aimuhambet Zh.A.** D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Aktayeva K.** D.Ph.Sc., Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan,  
Poland  
**Absadyk A.A.** D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after  
A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan  
**Bredikhin S.N.** D.Ph.Sc., Professor, North-Caucasus Federal University,  
Stavropol, RF  
**Гайнуллина Ф.А.** C.Ph.Sc., Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey,  
Kazakhstan  
**Yermekova T.N.** D.Ph.Sc., Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University.  
Almaty, Kazakhstan  
**Yesirkepova K.K.** D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after  
A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan  
**Zhusipov N.K.** D.Ph.Sc., Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan  
**Kurbanova M.M.** D.Ph.Sc., Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language  
and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan  
**Kamzabek D.** D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Kartayeva A.M.** D.Ph.Sc., Professor, East Kazakhstan University named after S.  
Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan  
**Kuryszhn L.A.** D.Ph.Sc., Professor, Hankulc University of Foreign Languages, Seoul,  
South Korea  
**Oner M.** D.Ph.Sc., Professor, Aegean University, Izmir, Turkey  
**Pimenova M.V.** D.Ph.Sc., Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF  
**Seifullina F.S.** D.Ph.Sc., Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

*Editorial address: 010009, Nur-Sultan., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan № 1854-Ж 27.03.2001.

Signed for printing 25.10.2021 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 86

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

# МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

## ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

<b>АБИШЕВА К.М., НУРЖАНОВА З.М.</b>	КОГНИТИВНО-МАТРИЧНЫЙ АНАЛИЗ РОЛИ АВТОРА В ФОРМИРОВАНИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗА ПЕРСОНАЖА КАК ОБЪЕКТА ПОЗНАНИЯ.....6
<b>МАУКАРА А.С.</b>	РОЛЬ ВИДОВОЙ ОСОБЕННОСТИ ЭКЗОТИЗМОВ В ПЕРЕДАЧЕ КУЛЬТУРНОГО СМЫСЛА (на материале романа Х. Хоссейни «Бегущий за ветром») .....18
<b>НУРГАЛИ К.Р., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.</b>	ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДРАМЫ А.П. ЧЕХОВА .....24

## ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

<b>АВАГАНОВА А.О., НАДЖИЕВА F.S., НУРГАЛИ К.Р.</b>	ANALYSIS OF THE ART SPACE AND TIME AS THE BASIS FOR THE INTERRUPTION OF THE ART WORLD OF THE PELEVIN NOVEL .....34
<b>АЛИМБАЕВ А.Е.</b>	ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛФАШҚЫ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ .....43
<b>АМАҒАЗЫҚЫЗЫ М., САҒУЛЫНА F.S.</b>	MODELS OF WORLD CAPITALS IN THE PROSE OF THE XXI CENTURY .....54
<b>БАТАН С.</b>	ШӘКӘРІМ ЖӨНІНДЕГІ МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....60
<b>ЛЕЙМЕНОВА К.М.</b>	ФОЛЬКЛОРНЫЕ ТРАДИЦИИ В ТВОРЧЕСТВЕ С. САНБАЕВА (на примере повестей «Белая Аруана» и «Когда жаждают мифа») .....65
<b>МАЖИТОВА Д.М.</b>	МОТИВЫ ФОЛЬКЛОРНОГО ЭПОСА В ПОЭЗИИ СЕРГЕЯ ЕСЕНИНА.....73

## ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

<b>МУКАШЕВА М.К.</b>	ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН Қ. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ .....81
----------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------

**М.К. МУКАШЕВА**

Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан  
(E-mai: [mukasheva.m77@mail.ru](mailto:mukasheva.m77@mail.ru))

### **ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН Қ. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ**

**Аннотация.** Мақалада шетелдік және отандық әдебиетті оқыту технологиясының зерттелу үрдісі, даму бағыты қарастырыла отырып, қазақ ТМД (СНГ) мемлекеттерінің орта мектептерінде таралған әдіскер-ғалым Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының өзектілігі айқындалады. Аталған технология арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушыларының білімдері тереңдеп, іскерлік дағдыларының жетілуіне түрткі жасалатыны, жазылым дағдыларының, сөздік қорларының дамып, көркем тілінің дамуына ықпал ететіні, шығармашылық іс-әрекеттерге баулитыны талданады.

**Түйін сөздер:** әдебиет, педагогикалық технология, методика, инновация, көркем шығарма

**Кіріспе.** Қазақстан мемлекетінің гуманитарлық білім беру жүйесінің күн тәртібінде тұрған мәселесі – білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Ғұлама ғалым әл-Фарабидің «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу» [1, 56] – деген даналық сөзі бүгінгі күні алдымызда тұрған ауқымды міндеттердің бірі – сапалы білім беру арқылы үздіксіз білім берудің ұлттық моделін жасап, жаңаша ойлайтын жас буынды қалыптастыру. Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет.

Әлемдік білім беру жүйесінде «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген мәселелер қойылып отыр. XXI ғасырда егеменді мемлекетіміз экономикасының ғана емес, білім жүйесінің де әлемдік стандартқа сай әрі сапалы болуын көздейді. «Экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл адамдар қажет» [2, 36] – дегендей, постиндустриалды қоғамда экономика мен ғылым салалары жаппай ақпараттандырылып, жаңғыру жаһандық өзгерістерге бетбұрды. Яғни, бүгінгі таңда жаппай ғылыми-техникалық және технологиялық оқытуға бетбұру білім стандартының әлемдік білім стандарт талаптарына сай болуын көздейді.

Жаһандық дағдарысқа төтеп беру үшін білім ордалары инновациялық технологиядан ізденуді мақсат етті. Жеке тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін тануға, тұлғаның өз мүмкіндігін кез келген ортада қолдана алуына жол ашу сынды мәселелердің шешімін табу оңай үрдіс емес. Сондықтан да, «XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек» [3, 48]. Бүгінгі қоғамға жаттанды білім алған оқушы емес, тұлғаның алған білімін өз тәжірибесінде қолдана алу қажеттігі туындап тұрғаны белгілі. Заман талабына сай оқу үдерісін технологияландыру білім мазмұнын жаңашаландыру, жеке тұлғаның тұлғалық қасиетін ашуда оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануды ұстаным етеді. Аталған мәселелерді жүзеге асыруда инновациялық

технологияның тиімділігі басым, ал білім ордалары көзделген мақсат, міндеттерді жүзеге асыруда орасан қызмет атқарады. Ал баланы оқытып, тәрбиелеудегі мұғалімдердің еңбегі өлшеусіз. Ол туралы ұлтымыздың белгілі педагогы М. Жұмабайұлы: «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», – дейді [4, 52]. М. Жұмабайұлының пікіріне сүйенсек, «жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» иесі болу үшін мұғалімдерге де артылып отырған жауапкершілік мол. Ұрпақ тәрбиесі – қай ұлттың болмасын тағдыры. Сондықтан да ұлттық тағылым, тәлім-тәрбие көзіне жүгінеріміз анық. «Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру» [5, 25], – дейді әдіскер Қанипа Бітібаева. Ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде мұғалімдердің еңбегі өлшеусіз. Ол үшін мұғалімдер «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген оқытудың жаңашыл технологиясын, педагогикалық жаңа тәсілдерін іздеп, кәсіби шеберлігін жетілдіруде. Осы орайда отандық, әлемдік озық технологияларды, жаңашылдықты тәжірибеде қолдану мұғалім шеберлігін талап етеді.

«Жаңашылдық», «инновация», «технология» туралы педагогика ғылымындағы анықтамаларға келетін балсақ: «Термин инновация (новшество) по-разному определяется и в энциклопедиях и словарях. Например, в словаре У. Ваклина в основном объясняется термин инновация: «инновация (от латинского *inovatis*) – это новинка, новшество, изменение» [6, 78]. Ученый-педагог К. Ангеловский: «Новшество в качестве педагогического понятия означает «введение нового в образовательно-воспитательную работу. Новшество часто относятся к введению и применению новых методов, способов, средств, новых концепций, к реализации учебной литературы, новых учебных программ, мер воспитания и др. Как понятие новшество целиком входит в понятие модернизации или осовременивания образовательно-воспитательной работы» [7, 96] – деп, жан-жақты талдаулар береді. Демек, білім беру саласындағы жаңашылдықты, озық идеялар, инновациялық технологияларды меңгеру сапалы білім мен тәрбие берудің негізі болмақ. Қазіргі таңда мемлекетімізде жаппай білім жүйесі реформаланып, жаңартылған білім мазмұны, жаңа оқулықтар мен инновациялық технологияға көшті. Білім саласын инновациялық технологияландыру және жаңа ақпараттық технологиялар жағдайындағы оқыту үдерісі жеке тұлғаға бағытталып отыр.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** «Қазіргі уақытта білім беру жүйесін технологиялық негізді құру басты талап болғандықтан, ғалымдар тарапынан педагогикалық технологияға жан-жақты түсініктер беріліп келеді. В.П.Беспалько: «Педагогикалық технология – практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» [8, 78], – деп педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастырушы, мақсатты ұйымдастырылған әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде көрсетеді. Педагогикалық технология – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі [9, 55]. Педагогикалық технология – бұл тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын жаңа бағыт [10, 77]. Оқытудың технологиялары – дидактикалық жүйенің құрамдас, процессуалды бөлігі [11, 20] – деген тұжырымдардан, әлемдік педагогика жан-жақты қарастырылып келе жатқанын байқаймыз.

Педагогикалық технология – қатысушыларға ыңғайлы жағдайды қамтамасыз етіп, нақты нәтижеге жету мақсатында білім беру үдерісін жобалаудағы, ұйымдастырудағы, бағдарлаудағы және коррекциялаудағы мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің үдеріс жүйесі [12, 98]. «Алғаш рет 40-50 жылдары оқыту процесіне техникалық құралдарды енгізе бастағанда, «білім технологиясы» термині пайда болды да, кейінірек әр түрлі техникалық оқыту құралдары, соның ішінде кино, радио, бақылау құралдары енгізіле бастағаннан кейін «педагогикалық технология» түсінігіне ауысты», – деп технология тарихы туралы Б. Әбдікәрімұлы, М. Мәлібекова «Білім берудегі педагогикалық технологиялар» атты ғылыми мақаласында баяндайды [13, 63].

Технологиялық оқытудың мақсаты жеке тұлғаның еркіндігін, өз бетімен білім алуың,

алған білімін шығармашылық деңгейге көтеруін көздейді. Дәстүрлі білім беруде жаттандылық, мұғалімнің әрекеті басымырақ болса, технологиялық оқытуда оқыту жүйесі жеке тұлғаға бағытталып, тұлғаның «өзін-өзі дамыту», «өзін-өзі» оқыту жұмысы алдыға шығады. Табысты оқуға жетелеу жолдары көзделген. Дәстүрлі оқытуда қалыптасқан «мұғалім-оқушы» іс-әрекеті технологиялық оқытуда «оқушы-мұғалім» әрекетін дамытуды көздейді.

В.П. Беспалько «Слагаемые педагогические технологии» деген монографиясында педагогикалық технологияны тәжірибеде жүзеге асатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы ретінде анықтайды» [14, 42]. Ол педагогикалық жүйені дидактикалық мәселе және берілген мәселені шешудің технологиясы деп екі негізгі бөлікке бөледі.

«Егер әдістеме көп жағдайда – оқу процесін ұйымдастыру және оны жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар мен қағидалар жиыны болса, ал педагогикалық технологияны екі принциптік маңызды жағдайлар ерекшелендіреді:

1. Технология – көздеген нәтиже орындалуының кепілділігі;
2. Технология – болашақ оқу процесінің жобасы.

Сонымен, педагогикалық технология – сатыланған және тәртіптелген іс-әрекет (процедура) жүйесі болып табылады. Педагогикалық технология – ол мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және жоспарланған түпкі нәтижеге жетуге кепілдік берерліктей іс-әрекет жиынтығы [15, 188]. Міне, жоғарыда айтылған тұжырымдардан педагогикалық технология ұғымының оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызын, нәтижеге сатылай жету жолын қамтитындығын көреміз. Осы орайда отандық, әлемдік озық технологияларды тәжірибеде қолдану мұғалім шеберлігін талап етеді.

Әр заман новатор, инноваторларын тудыраы анық. Бұл дегеніміз, білім көкжиегіне жаңашылдықпен қарайтын ұстаздар қатарының легін туғызды. А.С. Макаренко, В.С. Сухомлинскийдің тарихи ілімдері бірлестік педагогикасының фундаменті, ілімдік, әдіснамалық негізі екені толық мойындалып отыр. Сол секілді Ш.А. Амановскийдің дәстүрлі оқытуды гумандандыру, оқытуды қуаныш ортасына айналдыру, Ю.К. Бабанскийдің оқушылардың нақты мүмкіндіктеріне сай оқу-тәрбие үрдісін тиімдендіру, Қ. Бітібаеваның оқушыларға ой салу, ойланту, ойландыру секілді пәлсафалық қағидалары бүгінгі күннің өзекті мәселелері болып отыр» [16]. Қазақстанда қазақ әдебиетін оқыту бойынша кең тараған Қ.Бітібаеваның технологиясы өз заманында-ақ жаңашылдығымен танылып, бүгінгі оқыту жүйесінде де құндылығын жойған емес. Қ. Бітібаеваның әдістемесін қазіргі оқыту технологиясының талаптарына жауап бере алатын бірден-бір озық технология деп санаймыз. Ол туралы педагог-ғалым Т.Қ. Жұмажанова: «Бүгінгі модульдік оқытудың элементтері Қанипа Омарғалиқызының әдістемелік оқу құралдарында тақырыпқа сәйкес белгілі бір жүйемен берілді. Бұлардың барлығы жаңа технология үлгілерімен оқытудың алғы шарттары еді. Бүгінде бұл мәселе республикалық көлемінде әр пән иесінің жүрегінен жол тауып, шығармашылық жұмыстарға жетелеуде. Ғылыми теориялық әдістемелік жағынан қай кезде болмасын бүгінгі өмір талаптарына сай көркем шығарманы шығармашылықпен оқыту, білу ең бастысы оқушылардың өзін іздендіруге төселдірудің ұтымды салаларынан қарастыру Қанипа Омарғалиқызының басты мақсаты» [17, 112] – деген еді.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ педагогикасында жаңашыл ізденістерімен, озық технологиясымен танылған әдіскер ұстаз Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – заманауи білім берудің талаптарына төтеп бере алатын инновациялық технология. Бұл технология ТМД елдеріне де танымал.

Қ. Бітібаеваның технологиялық әрі педагогикалық шеберлігінің шыңы – «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы. Ол туралы педагогика ғылымдарының докторы Ш.Қ. Құрманбаева: «Ұстаздың әдебиетті оқыту пәлсапасы ой, ойлау, ойланту мәселелерінен тұрады. Әр сабақта оқушыға ой салу, ойланту ұстаздың әдістемесінің биік жемісі. Ол әдебиетті – ғылым, өнер пәні ретінде қарастырады. Байырғы әдістемемен оқытылып келе



жатқан әдебиет пәніне жаңа бетбұрыс әкеліп, инновациялық технологиямен оқыту мәселесін қазіргі педагогика ғылымының күн тәртібіне қойды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін мүлде тың арнаға бұрды деуге болады» [18,158] – дейді.

Әдіскер-ұстаздың озық технологиясы атаулы мектебінің негізінде туындап, жаңашыл идеялары қалыптасты. Білімді жеке тұлғаға бағыттай отырып, оларды шығармашылық ізденістерге жетелеген технологиясымен, атаулы мектеп тарихымен бірге дамуы заңды құбылыс еді.

Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясында білім жеке тұлғаға бағытталады. Ұстаз технологиясында дәстүрлі оқытуда жаттанды болған әдіс-тәсілдер кезікпейді. Білім «оқушы-субъект» жеке тұлғаның ез еркімен, «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқытуы арқылы жүзеге асырылады.

Дәстүрлі оқытуда қалыптасқан білім әдіскер-ұстаз технологиясында төмендегідей беріледі:

1) Технологияның ең негізі – мақсаттар жүйесі, оның қорытынды нәтижесі. Мақсат – ең негізгі компонент. Ол нәтижеге жетуді айқындайды.

2) Диагностикаға негізделген болжамды мақсаттар нақты түрде белгіленеді. Сол арқылы әдіс-тәсілдер сұрыпталынып алынады, бақылау жүргізіледі.

3) Жоспар емес, оқу үрдісінің жобасы талап етіледі. Жоба дегеніміз – технологиялық карта, бағдарлама.

4) Мұғалім іс-әрекеті емес, оқушы іс-әрекеті алдыңғы қатарда тұрады, сол арқылы нәтижеге жету жобаланады.

5) Оқушымен субъект ретінде қарым-қатынас жасайды.

Дәстүрлі оқытуда қалыптасқан «мұғалім-оқушы» іс-әрекеті технологиялық оқытуда оқушы-субъектіге бағытталады. Оқушы – дәстүрлі оқытудағыдай дайын, жаттанды білімді алушы ғана емес, өз еркіндігі бар, өзін-өзі оқытушы, мақсатты білім алушы, өз мүмкіндігін пайдаланушы, өз-өзіне сенімді тұлға. Бұл Қ. Бітібаеваның технологиясының өн бойында ұстаным етіліп отырған қағида деуге болады.

Қ. Бітібаева технологиясында өнімді (продуктивті) білім беру көзделеді. Ол мына мәселелерді қамтиды: Білім мазмұнын кім айқындайды, ұсынады? Қандай әдіс-тәсілдерге, оқыту, оқу формаларына сүйенеді? Бала білімді не арқылы қалай алады? Оқу, білім алудағы негізгі түрткілер (мотивтер). Оқу мен тәжірибе байланысты. Білім беру процесіне кім жауапты, міндетті. Жетістіктерді, білім дәрежесін бағалайтын басты критерийлер. Ең бастысы, әдебиетті оқытуда талдауға баса назар аудартады.

Талдау – көркем мәтінді оқытудың ғана емес, оны оқушының қабылдауының, сезінуінің күре тамыры десек, оны тиімді жүргізуде мұғалімнің ізденісі қажет. Ғалымдар тарапынан талдаудың бірнеше түрлері қарастырылған. Атап айтсақ, әдіскер В.Г. Маранцман талдаудың екі түрін атайды. Оның бірі – автор ізімен талдау, екіншісі – проблемалық талдау [19,144].

Қ. Бітібаеваның еңбектерінде де көркем мәтінді талдаудың түрлері жан-жақты қарастырылған. «Талдау әрі жүйелі, әрі тұтас, көркем шығарманың барлық нәрі, дәнін аша алатындай, нанымды да ғылыми мазмұнда жүргізілуі керек» [20,235], - деп ой тастайды. Енді әдіскердің әдеби шығарманы талдатып оқыту әдістеріне тоқталып өтсек.

Мектепте әдеби талдаудың үш жолы бұрыннан-ақ тәжірибеде кеңінен пайдаланып келеді. Олар: а) автор ізімен талдау, бұны тұтастай, толық талдау дейді; б) кейіпкерлерге талдау жасау және тақырыпты проблемалық талдау. Автор аталған талдаудың қай түрі болмасын, оны жүргізуде мұғалімнің шеберлігі қажеттігін атап өтеді. Талдау оқушыға қонымды әрі түсінікті, өз беттерімен жұмыс жасауларына кедергі келтірмейтіндей жүргізілуі керектігін, сондай-ақ даралап оқыту талаптарын ескеруді ұсынады.

Қ. Бітібаева талдаудың тәжірибеде кеңінен пайдаланып жүрген түрі – жан-жақты талдау, немесе мәтіндік талдау деп көрсетеді: «Жан-жақты, толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Өсіресе, бұл талдау кейде мәтіндік деп те аталады. Жан-

жақты талдау уақытты көп алады, дегенмен оның тиімділігі көркем туындыны жанды бір организмдей тұтас қарастырады». Жан-жақты талдауды тиімді ұйымдастыруда мұғалімнің ізденісін қажет етеді. Сондай-ақ, талдаудың келесі түрі – шолу бағытындағы талдаулар, мұнда оқушылардың көркем мәтінмен жұмыс жасауларына кеңірек жол ашылады. Мұғалім проблемалық сұрақтарға тоқталмай, көркем шығарманы талдауды тұтастай қамтиды. Ал сұрыптап талдауда көбіне мәселені шешу, проблемалық сұрақтар төңірегіндегі талдаулар ұйымдастырылады.

Автор ізімен талдауда мұғалім көркем шығарма сюжеті, эпизодтары, автордың негізгі ойы, мазмұн мен форма жүйесін сақтай отырып, талдауға ерекше назар аударады. Бірақ еске алатын бір мәселе, талдаудың бұл түрін түсіндірмелі оқуға айналдырып жіберуге болмайды. Мұғалім оқушыларын кейіпкер іс-әрекеті арқылы мінездеме жасатуға, оқиғалар арқылы шығарманың негізгі проблемаларын аңдатуға алып келуі керек.

Проблемалық талдау – тәжірибеде кеңінен қолданылып келе жатқан талдаудың өнімді түрі. Оқушының ойлау қабілеті мен өзіндік пікірін, дүниетанымын танытуына жол ашатын талдаудың бұл түрінде көркем шығарма негізіндегі мәселені тауып, проблемалық сұрақтар төңірегінде пікірлесу жүргізіледі. Қ. Бітібаева М. Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолын» оқыту барысында проблемалық талдауды тиімді қолданады. Автор талдауды тиімді жүргізу үшін алдымен проблемалық жағдаятты туғызу, оны шешуге, болжам жасатуға жан-жақты жол ашады. Мәселен «Абай жолы» эпопеясын оқыту барысында оқушылар алдына «Әкелер мен балалар», «Аналар мен балалар» проблемалары бойынша проблемалық жағдаяттарды туғыза отырып, оны шешуде төмендегідей салыстырмалы жұмыстар ұсынады.

«Абай жолы» эпопеясындағы Абай бейнесін проблемалап оқыту.

Тақырыпты төмендегі жоспар бойынша проблемалы баяндату:

1. Абайдың феодалдық қоғаммен бетпе-бет кездесуі. Заман шындығын түсінуі. Мұхтардың оны көрсетудегі жазушылық шеберлігі.

2. Әке мен бала. Абайдың әке жолынан бөлек кетуі. Оның негізгі объективті себептері. Осы мәселедегі Мұхтардың философиялық-идеялық мұраты.

3. Абай және кедей-жатақтар проблемасы. Абай – халық қамқоры.

4. Абай және орыс достары. Білімге бас қоюы. Михайловқа дейінгі Абай көзқарасы мен Михайловтан кейінгі саяси көзқарасы. Салыстыру, дәлелдеу.

5. Абай және әйелдер тағдыры. Абай – гуманист.

6. Абай – халық деп жырлай бастаған сыншыл, реалист ақын. Қалай ойлайсындар, кітаптар неге осылай аяқталған? Жазушының негізгі көздеген мұраты нені меңзейді?

7. «Биікте» бөлімі және Абай жеткен биіктік. Сол биіктікке Абайды алып келген не? Ол эпопеяда қалай шешілген?

Тақырыпты осы жоспар негізінде баяндай отырып, проблемалы жағдаятты шешу мақсатында мұғалім оқушыларға мынадай сұрақтар береді:

1. Эпопеядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас арқылы жазушы нені аңғартады? Әке мен бала проблемасының эпопеядағы философиялық түйіні неде?

2. Қалай ойлайсындар, «Қайтқанда» бөліміндегі Құнанбай портреті, оның айналасындағылардың сипаты, үй іші неге Абай арқылы, оның ішкі сезімі арқылы беріледі?

3. «Жолда», «Өрде», «Қияда» бөлімдеріндегі Абайдың іс-әрекетін сарала. Қалай ойлайсындар, бөлімге жазушы неге осылай ат қойған? Осы бөлімдердегі әке мен бала арасындағы қайшылық, келіспеушілік. Оның объективті себебін жазушы қалай көрсеткен?

4. Абайдың Михайловпен кездескенге дейінгі көзқарасы, саяси сана-сезіміндегі қайшылық. Ол қайшылықтың негізгі себептері неде деп ойлайсындар?

5. Абай мен халық арасы. Бұл проблема эпопеяда қандай көрініс тапқан. Дәлелде.

6. I-II кітаптың аяғындағы ең ақырғы абзацтарды тауып оқындар. Осы абзацтар арқылы бірінші кітаптағы Абай мен екінші кітаптағы Абай жеткен биікті межелеңдер [20, 96].

Қ. Бітібаева эксперименттік бағдарламасында «Абай жолы» роман-эпопеясын толық

оқыту мәселесі төңірегінде зерттеулер жүргізіп, оқушыға нәтиже беретіндей етіп оқытудың тиімді жолдарын береді.

Қ. Бітібаева педагогикалық тәжірибесінде эпопеяны оқытуды тұтастай ала отырып талдаудың, оның өн бойында жатқан проблемалардың шешімін образдық талдау арқылы табудың, «Эпопеяны қалай талдауға болады?» деген сұрақтың төңірегінде әдістемелік жұмыстар жүргізеді. Оны төмендегі 4-кестеден көреміз. Образды талдау – эпикалық туындыны талдаудың тиімді жолы.

Автор образдарды топтап берумен қатар, олардың іс-әрекетін, характерін ашуда, сондай-ақ оларды сомдаудағы жазушының идеялық-эстетикалық шешімін жан-жақты көрсетуде бірнеше жұмыс түрлерін ұсынады. Яғни, проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар, зерттеу жұмыстары, практикалық тапсырмалар, ғылыми деректермен жұмыс, шығармашылық жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың жолдарын көрсетеді. Ұстаз көркем шығарманы тұтас қарастырып, оның барлық компоненттерін бірлікте алып, талдауды басшылыққа алады. «Ең бастысы, авторлық көзқарас шығарма негізіндегі басты проблема – образдық талдауда ерекше назарға алатын мәселелер болып табылады. Мысалы, Құнанбай бейнесі арқылы автор XIX ғасырдың II жартысындағы феодалдық қоғамды, оның бас өкілін сомдайды. Бұл образды жасаудағы автор мақсаты да сол. Құнанбай іс-әрекеттері, оның әр түрлі қылықтары сол қоғам сипаты дәрежесінде көрсетіледі [20, 38]. Қ. Бітібаеваның пікірінше, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көтерілген мәселе, ондағы идея мен негізгі тартыстар, образдар галереясы, оның эпопеяның алтын діңгегі Абаймен бірлестікте алынуы, ал оны оқытуда ұстаз проблемалық талдау, образды талдаудың тиімділігін ұсынады. Эпопея негізінде жатқан қадау-қадау ірі проблема, тартыстарды төмендегідей жіктейді:

- Екі ұрпақ, ескі мен жаңаның тартысы (өнер, ақындық, махаббат, бас бостандығы мен ескі әдет салттар арасындағы);

- Даланың бар билігін қолында ұстаған, бар қасиеті малындағы билеп-төстеушілер мен қарапайым еңбеккерлер, халық бұқарасы арасындағы тартыстар;

- Эпопеядағы рулық-патриархалдық тартыстар;

- Әкелер мен балалар, аналар мен балалар проблемасының көрініс табуы, олардың Құнанбай – Абай; Құнанбай – Тәкежан; Тәкежан – Әзімбай; Абай – Әбіш; Қаражан – Әзімбайлар әлемінің негізінде сөз етілуі;

- Аналар мен балалар проблемасы. Зере – Құнанбай, Зере – Абай, Ұлжан – Абай, т.б.

Эпопеяны осылай жіктеп беру оқушыларға оқиғалар мен кейіпкерлерді, олардың іс-әрекеттерін есте сақтауларына, көркем мәтінді талдауға, шығармашылық жұмыстар жасауларына жол ашады. Осы жөнінде: «...Мұғалім роман, эпопеяларды талдағанда, жоғарыда айтылғандай, бар мәні, қасиетін сақтай отырып, оқытуға талаптанып, соның оқушыға қонымды, тиімді жолдарын іздеулері керек...», – деп, ұстаз тиімді жолдарын іздеу керек екенін қажет деп біледі [20, 63].

Әдіскер-ұстаз эпопеяда қаншама кейіпкерлер бейнесі болса, оларды тағдырлары тудырған проблемаларына қарай маңайындағыларымен топтастыра отырып және басты образ, тарихи тұлға Абайдың төңірегіне жинақтайды. Мәселен, «Абай, феодалдық қоғам және Құнанбайлар», «Абай, феодалдық қоғам және Дәркембайлар», «Абай, феодалдық қоғам және аналар» т.б.

Роман-эпопеядағы әйелдер бейнесінің өзін бірнеше топтарға бөліп береді. Мәселен:

1. Абай аналары – Зере, Ұлжан («Қарашығым, қоңыр қозым...»).

2. Абай сүйген арулар- Тоғжан, Әйгерім («Жарқ етпес қара көңілім»...)

3. Абай заманының шерменделері – Керімбала, Үмітей («Жолыңа жаным құрбан».

4. Абайдың сырласы – Салтанат, ер мінезді Нұрғаным (... «Қапастағы еркелер...»)

5. Махаббат, бостандық аңсаушылар – Мәкен, Мағрипа («Сертім сол, сенсіз өмір маған жоқ»).

6. Абай жақындары, күндестік бұғауындағылар – Айғыз, Ділде («Күндестің аты күндес те»).

7. Абай аулының адуын бәйбішелері – Қаражан, Мәніке («Кедейін сендей жарылқаған бәйбіше көрсем, көзім шықсын»).

8. Байлар есігіндегі күндер – Иіс, Баян, Есбикелер («...Босағада шіріп кеттің-ау»).

Автор кейіпкерлерді топтап, немесе образды талдаудың жеткіліксіз екендігін сөз ете отырып, кейіпкер бейнесін ашатын штрих, деталь, өзге де мәселелер төңірегіннен ізденіп, оны оқушыға ұғынықты, жинақы етіп, немесе тірек-сызбалар, көрнекіліктер арқылы жеткізудің тиімді тәсілін ұсынады. Сондай-ақ, сабақтың ғылымилығына баса назар аудартады, кейіпкерлерді талдауда, «көркем шындық пен тарихи шындықты» талқылауда ғылыми деректермен жұмыс жасаудың тәсілін көрсетеді. Ең бастысы, автор эпопеяны тұтастай оқыту, оны оқушының санасына ұғынықты етіп талдап жеткізу, оларды өз бетімен ізденуге, шығармашылық жұмыстарға жетелеу мұғалімнен аса жауапкершілікті талап ететіндігіне аса назар аудартады.

Қ. Бітібаеваның технологиясындағы «өзін-өзі дамыту», «бірін-бірі оқыту, дамыту» сынды дамыта оқыту технологиясының элементтері; «Ойлау жүйесіне әсер ету, дебат, айтыс, пікір сайыстары бойынша ойлау белсенділіктеріне әсер етуге» жетелейтін сыни ойлау технологиясының элементтері; «Проблемаларды өздері табу, ұсыну, өз бетімен шешу» проблемалық оқыту технологиясының элементтері; «Болжам, жоба, модель жасау, қорғау» жобалап оқыту технологиясының элементтері; ұжымдық оқыту; даралап, саралап оқыту әдістері еліміздің мектептерінде кеңінен қолданылып келеді.

Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу – ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауды жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан алма-кезек өріліп отырады. Бұл технологияда әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдіс-тәсілдерге бару – басты шарт. Ұстаздың жаңа сабақ түсіндіру технологиясы сұрақ-жауап, пікірлесу, сұхбат әдістерімен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді.

«Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе – өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр...» [20,77] – дейді, Қ. Бітібаева. Міне, ұстаз технологиясының пәлсапасы, гуманизмі, сабақтағы ой еркіндігінде, оқушының ойлауы көрінісінің шарты осында жатыр. Немесе әдіскер ұстаздың тағы бір тұжырымына жүгінсек: «Әр бала – жеке тұлға. Ол – психологиялық жағынан болсын, дүниетанымы, білім жағынан болсын, бір-біріне ұқсамайтын жеке адам. Талдау, ең алдымен, міне, сол «жеке адамның» жеке пікіріне де сүйене жүргізілуі тиіс...», -дейді ұстаз. Яғни, ұстаз технологиясы жеке тұлғаның жеке ойына жол ашады, ол ой шығармашылық, зерттеушілік ізденіске әкеледі.

Қ. Бітібаева технологиясында жеке тұлғаны ой еркіндігіне жетелейтін шығармашылық сабақ тұлғаның дербес еркіндігін, ізденісін тудырған «Кіші ғылыми зертхана» алаңы аталынды. Сабақта жеке тұлғаны танымдық-шығармашылық жұмыстарға жетелей отырып, «Мен-ізденуші, зерттеушімін» деген ұстаныммен әр оқушының өз мүмкіндігін пайдалантып, зерттеу жұмыстарына дағдыландыру қалыптасқан. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қ.Бітібаеваның мына бір пікіріне жүгінсек: «Өздеріне қорытынды жасатуға жағдай туғызу. Ол үшін қосымша материалдардағы жазылған дүниелерді, ғалымдар пікірін, оқулықтағы мәселелерді ортаға салу. Осылар арқылы шындықтың, құбылыстың бетін ашуға еңбектендіру [20, 96]. Педагогикалық еңбектерде ізгілендіру педагогикасы тең дәрежелілік ұстанымына сүйене отырып, бала мен ересектер әлемі қарым-қатынасты, яғни адамдардың бір-бірімен үйлесімділігі адам әлемінің жетістіктері мен кемшіліктерінің теңдігін орнатуға бағытталады.

Шығармашылық жұмыстар – оқушының қол жеткізген нәтижесі, жаңа өнім жасауы, өз ізденісі арқылы білімін шығармашылық деңгейге жеткізуі. Оқушылардың икем-дағдысына, қабілетіне сай ұсынылған шығармашылық жұмыстар олардың қызығушылығын, ынтасын аша түседі. Бұл әрі тұлғаның білім сапасының көтерілуіне, сондай-ақ өзін-өзі, бірін-бірі

тәрбиелеуіне де жол салатын оқу-тәрбие үдерісінің бір қыры десек те болады. Ал осы міндет биігінен көріну үшін мұғалімдерге шеберлік, технология талаптарын терең меңгеруі керек.

Ең бастысы, технология талаптарында айтылғандай, мұғалім – шығармашылық жұмысқа жетелеуші, жол көрсетуші, қолдаушы, ынталандырушы, бағыт-бағдар беруші.

**Нәтижелер.** ХХІ ғасыр білім беру философиясы оқу-тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтармен, атап айтсақ ұлттық мәдениет, тарих, әдебиет, салт-дәстүр, мінез-құлық сынды қасиеттермен ұштастыруды көздейді. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен бері ұлттық философияға деген көзқарас түбегейлі өзгерді, білім философиясының жаңаша дамып, өркендеуіне жол ашылды. Қоғамдағы білім беру мекемелерінің қай саласында болмасын ұлттық білім беру философиясындағы гуманитарлық ұстанымдардың маңызы арта түсті. Бұл өз кезегінде ұлттық болмысымызды ұлықтауға, заманауи тұрғыдан бағалауға бағыттайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [21, 231], – деп білім беру жүйесін одан әрі дамытудың міндеттері нақтылы айтылған. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану негіздерін анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстанда білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді.

Бүгінгі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр. Оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларын пайдалана білу әрбір мұғалімнің біліктілігін анықтайды. Қазіргі жалпы білім беретін мектептерде оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын реформаланудың қарқынды нәтижелері мұғалімдердің кәсіби қызмет әрекетіндегі педагогикалық шеберліктерін дамытуға өзек болып, оқушыларға заманауи білімдер беру арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаларды дамытуымыз тиіс. Ол үшін жетілдірілген белгілі методистердің әдістемелік технологияларын кеңінен қолдануымыз керек.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында адамның әлеуметтік-жүйелілік, құндылық-дүниетанымдық, рухани-адамгершілік, психологиялық-мотивациялық, интеллектуалдық даму сапаларын дамыту мақсаты тұратыны анық.

**Қорытынды.** Қ. Бітібаеваның технологиясындағы шығармашылық тапсырмалар құзырлы тұлғаны дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құрып отыр. Ұстаз технологиясы жеке тұлғаның ой еркіндігімен, білімді өз ізденісі арқылы шығармашылыққа жеткізуімен құнды. Ұстаз технологиясынан туындаған тапсырмалар үлгісі қазіргі білім беру жүйесінде де маңыздылығымен құнды. Қазіргі оқыту жүйесіндегі әлемдік білім стандарттарына сай жасалынып отырған тапсырмалармен, халықаралық деңгейдегі оқушы құзырлығын бағалау бағдарламасы (PISA) тапсырмаларының мақсатымен үндеседі. Алынған білім негізін күнделікті өмірмен ұштастырып, оқулықтан тыс деректер табу, ғылыми ізденіс жасауға, функциональдық сауаттылығына түрткі болып отыр. Бір пәннің төңірегінде ғана емес, оқушыны зерттеу жұмысына, ізденіске жетелейтін тапсырмалар жүйесінің қазіргі таңда да маңызы зор. Сондықтан да, әлі де мектеп оқулықтарында ұсынылған көркем шығармаларды әдіскер Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқытылса, оқушылардың танымдық ізденімпаздығын, шығармашылық қабілеті артар еді. Нақтырақ айтсақ, оқушылардың көркем туындыда бейнеленген өмір құбылыстарының қоғамдық-әлеуметтік маңызын, рухани-адамгершілік тәрбиелік әлеуетін, әдеби шығарманың басты кейіпкері ретінде адамның ең жоғары құндылық ретіндегі мәнін түсінуге

ұмтылдырады.

Оқушыларды сөз өнеріне баулып, эстетикалық талғамын қалыптастырады. Олардың дүниетанымдарын кеңейтіп, бойларына елжандылық, отансүйгіштік сезімдерін оятуға септігін тигізеді.

### Әдебиеттер

1. Әбу Насыр Әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы / ауд.:Т. Ғабитов; құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова; ғыл. ред. Ә.Н. Нысанбаев. – Астана: Лотос, 2007. – 336 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
3. Оразбаева Ф. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗ мектептері» ДББҰ.– Астана: Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 202 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2012. – 312 б.
6. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. – М.: Просвещение, 1979. – 160 с.
7. Ангеловский К.В. Учителя и инновации: Кн. для учителя: Пер. с макед. – М.: Просвещение, 1991. – 159 с.
8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 б.
9. Монахов В.М. Методика преподавания литературы. – М.: Просвещение, 1985. – 119 с.
10. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. – М.: Просвещение, 1979. – 160 с.
11. Бабанский Ю.К. Проблемное обучение как средство повышения эффективности учения школьников. – Изд.2-е, испр. И доп. – Ростов-на-Дону, 2000. – 505с.
12. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. – М.: Педагогика, 1982. – 356с.
13. Әбдікәрімұлы Б., Мәлібекова М. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // Ізденіс. – 1999. – №4, – 200 б.
14. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 б.
15. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 149 б.
16. Ферхо С., Байхонова С. Аңызға айналған ұстаз. – Өскемен, 2005. – 224 б.
17. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиет сабағында жаңа технологияларды қолдану мәселелері // «Қазақ әдебиеті – тұлғаның рухани дамуының бастауы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: 2005. – 356 б.
18. Құрманбаева Ш.Қ. «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы // Білім көшбасшысы. Ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. – 2014. – №1. – 6 б.
19. Маранцман В.Г. Методика преподавания литературы. – М.: Просвещение, 1985. – 119 с.
20. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
21. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 2007.

**М.К. МУКАШЕВА**

*Восточно-Казахстанский университет им.С.Аманжолова  
Усть-Каменогорск, Республика Казахстан*

## **КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА В СИСТЕМЕ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ ОБУЧЕНИЕ ПО ТЕХНОЛОГИИ К. БИТИБАЕВА**

**Аннотация.** В статье рассматривается тенденция изучения, направления развития технологий обучения зарубежной и отечественной литературы, выявляется актуальность технологии ученого-методиста Канипы Битибаевой, распространенной в средних школах. С помощью данной технологии определяются научно-методические основы обучения, углубляются знания учащихся школ с углубленным изучением казахского языка и литературы, создаются стимулы для совершенствования деловых навыков, развиваются навыки письма, словарный запас, способствует развитие художественного языка, идет приобщение к творческой деятельности.

**Ключевые слова:** литература, педагогические технологии, методика, инновации, художественное произведение.

**M.K. MUKASHEVA**

*Sarsen Amanzholov East Kazakhstan university,  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,*

## **KAZAKH LITERATURE IN THE SECONDARY EDUCATION SYSTEM TRAINING ON THE TECHNOLOGY K. BITIBAEVA**

**Annotation.** The author of the article examines the trend of studying, directions of development of teaching technologies of foreign and domestic literature, reveals the relevance of the technology by the methodologist Kanipa Bitibayeva, common in secondary schools of the Kazakh state of the CIS (CIS). With the help of this technology, the scientific and methodological foundations of education are determined, the knowledge of students of schools with in-depth study of the Kazakh language and literature is deepened, incentives are created to improve business skills, writing skills, vocabulary are developed, contribute to the development of the artistic language, introduce them to creative activity.

**Key words:** literature, pedagogical technologies, methodology, innovations, artwork.

### **References**

1. Abu Nasr Al'-Farabi. Sobranie sochineniy v desyati tomakh / per.: T. Gabitov; sost.: A. Nysanbaev, G. Kurmangalieva, N. Seytakhmetova; nauch.red. A. Nysanbaev. – Astana: Lotos, 2007. – 336 s.
2. Nazarbaev N.A. Vzglyad v budushchee: modernizatsiya obshchestvennogo soznaniya // Egemen Kazakstan. – 2017. – 12 aprelya.
3. Orazbaeva F. Posobie dlya uchitelya. AOO «NISH». – Astana: Tsentr pedagogicheskogo masterstva, 2016. – 202 s.
4. Zhumabaeva M. Proizvedeniya: stikhi, poemy, slova nazidaniya. – Almaty: pisatel', 1989. – 448 s.
5. Bitibaeva K. Innovatsionnaya metodika, tekhnologiya prepodavaniya literatury. – Almaty: Daur-Kitap, 2012. – 312 s.
6. Shchukina G.I. Aktivizatsiya poznavatel'noy deyatel'nosti uchashchikhsya v uchebnoy protsesse. – M.: Prosveshchenie, 1979. – 160s.

7. Angelovskii K.V. Uchitelya i innovatsii: Kn.dlya uchitelya: Per.s maked. – M: Prosveshchenie, 1991. – 159 s.
8. Bepal'ko V.P. Slagaemye pedagogicheskoy tekhnologii. – M.: Pedagogika, 1989. – 192 b.
9. Monakhov V.M. Metodika prepodavaniya literatury. – M.: Prosveshchenie, 1985. – 119 s.
10. Shchukina G.I. Aktivizatsiya poznavatel'noy deyatelnosti uchashchikhsya v uchebnom protsesse. – M.: Prosveshchenie, 1979. – 160 s.
11. Babanskiy Yu.K. Problemnoe obuchenie kak sredstvo povysheniya effektivnosti ucheniya shkol'nikov. – Izd.2-e, ispr. I dop. – Rostov-na-Donu, 2000. – 505 s.
12. Shamova T.I. Aktivizatsiya ucheniya shkol'nikov. – M: Pedagogika, 1982, 356 s.
13. Abdikarimovich B., Malibekova M. Pedagogicheskie tekhnologii v obrazovanii // Izdenis. 1999, №4, 200 s.
14. Bepal'ko V.P. Slagaemye pedagogicheskoy tekhnologii. – M.: Pedagogika, 1989. – 192 b.
15. Kabdykairovich K., Monakhov V.M. Pedagogicheskaya novaya tekhnologiya obucheniya. – Almaty: Respublikanskiy izdatel'skiy kabinet akademii obrazovaniya im. Y. Altynsarina, 1999. – 149 s.
16. Ferkho S., Baykxonova S. Legendarnyy pedagog. – Ust'-Kamenogorsk. 2005. – 224 s.
17. Zhumazhanova T.K. Problemy primeneniya novykh tekhnologiy na urokakh literatury // Sbornik materialov mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. «Kazakhskaya literatura-nachalo dukhovnogo razvitiya lichnosti». – Almaty, 21-22 dekabrya, 2005. – 356 s.
18. Kurmanbaeva Sh.K. Tekhnologiya «myslit', dumat', myshlenie» // Lider obrazovaniya. Nauchno-metodicheskiy i pedagogicheskiy zhurnal. – 2014. – №1. – s. 6.
19. Marantsman V.G. Metodika prepodavaniya literatury. – M.: Prosveshchenie, 1985. – 119 s.
20. Bitibaeva K. Metodika prepodavaniya literatury. – Almaty: Rauan, 1997. – 288 s.
21. Zakon Respubliki Kazakhstan «Ob obrazovanii». – Astana: Akorda, 2007.

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Мұқашева Меруерт Қозықанқызы** – докторант, С. Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан.

**Мукашева Меруерт Козыкановна** – докторант, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

**Mukasheva Meruert Kozykanovna** – doctoral student, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.



Техникалық редактор: **М. Аманғазықызы**  
Компьютерде беттеген: **А.С. Сыздыкова**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.  
– 2021. – 3. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ. 92 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.